

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.03.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/133502/>

А.Н.Османов Қысқа мерзімді жоспарды оқу мақсаттарына сай әзірлеу

Білім беру ұйымының атауы	Тағайна ЖОМ			
Пәні:	Әдебиеттік оқу			
Бөлім:	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті			
Педагогтің аты-жөні:	Османов А Н			
Күні:	27.02. 2023			
Сынып:	2			
Сабақтың тақырыбы:	№70 Құлыншағым құлдырап			
Оқубағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.2.6.1-кейіпкерлердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез- құлқы мен іс-әрекетін бағалау 2.2.9.1- сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу			
Сабақтың мақсаты	Төрт түліктің бірі құлын туралы жалпы мәлімет алады. Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

<p>Басы</p>	<p>Сабаққа психологиялық тұрғыдан даярлау «Нейрожаттығу» жасау «Жұдырық, қабырға, алақан»</p> <p>Үй тапсырмасын тексеру «Қой» өлеңін жатқа айту</p> <p>Жаңа тақырып Сабақтың тақырыбы мен мақсатын жариялау Ой қозғау <i>Мақал—мәтелдердің мағынасын біл.</i> 1. <i>Туяқ тайға жеткізер, Тай құнанға жеткізер. Құнан атқа жеткізер. Ат мұратқа жеткізер.</i> 2. <i>Тұлпар—ер қанаты.</i></p> <p>Ф. С. ақпарат Жылқы-төрт түліктің бірі. Жылқы иесі-Қамбар ата. Қазақ халқында жылқыны құрметтеп, қасиеттеп жоғары бағалаған. Жылқы туралы аңыз-әңгімелер, шығармалар, өлең-жырлар, ертегілер көп. Жылқы баласы сүйкімді әрі жүйрік болып келеді. Жылқы жасына қарай құлын, тай, құнан, дөнен, айғыр деп аталады. Жылқы сымбатты жануар. Мойнынан түскен жалы жібектей сусылдайды. Сирақтары ұзын, көздері ботадай әдемі. Бұрынғы кезде батырлардың тұлпарларының аты болған. Қобыланды батырдың Тайбурылы, Алпамыс батырдың Шұбар деген аты болған.</p> <p>Оқулықпен жұмыс (Т) «Мәнерлеп оқы» әдісі «Торы құлын» өлеңі Өлеңді мәнерлепоку Тізбектей оқу Тауып оқу Есіңде болсын!</p> <p>Саралау тапсырмасы 3-тапсырма Құлынның суретіне зер сал. Мәтіндегі теңеулерді пайдаланып, торы құлынды сипаттап жаз. · Теңеулердің мағынасын түсіндір</p> <p>Топтық жұмыс Жылқының пайдасы туралы постер қорғау</p> <p>Тест жұмысы Жеке жұмыс 1. Қойдың төлі а) бұзау ә) құлын б) қозы 2. Жылқының төлі а) бұзау ә) құлын б) қозы 3. Жылқының сүтінен әзірленетін тағамдар а) қымыз ә) шұбат б) айран 4. Құлынның жағы қандай? а) садақтай ә) қалақтай б) жұлдыздай 5. Жылқы атауына қатысты мақал-мәтелді тап а) Тұлпар-ер қанаты ә) Мал өсірсең, қой өсір- Өнімі оның көл-көсір. б) Нар жолында жүк қалмас.</p>	<p>Жаттығуларды жасайды</p> <p>Өлеңді жатқа айтады.</p> <p>Мақал-мәтелдердің мағынасын ашады.</p> <p>Ақпаратпен танысады.</p> <p>Тізбектей оқиды.</p> <p>Ақпаратпен танысады.</p> <p>Құлынды сипаттап жазады.</p> <p>Постер құрады. Топпен қорғайды</p> <p>Дұрыс жауапты таңдайды.</p>	<p>ҚБ: «Білім үйі» әдісі Өлеңді мәнерлеп айтады.</p> <p>ҚБ: «Жарайсыңдар»</p> <p>- - - -</p> <p>ҚБ: «Ду қолшапалақ» Дескриптор: Өлеңді тізбектей, мәнерлеп оқиды; Теңеу сөздерді тауып оқиды.</p> <p>Дескрипторы: Өлеңдегі теңеулерді пайдаланып, құлынды сипаттап жазады.</p> <p>Дескриптор: — Жылқының пайдасын анықтайды; — Ойларын нақты жазады; -Постер қорғайды.</p> <p>ҚБ: «Смарт сағат» Дескриптор: Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі.</p>	<p>Презентация</p> <p>Сюжетті сурет</p> <p>Оқулық</p>
<p>Соңы</p>	<p>Кері байланыс: Үй тапсырмасы: 58- бет 2-тапсырма үзінді жаттау, 5-тапсырманы дәптерге жазу.</p>	<p>Хат жазады</p>	<p>«СМС» әдісі</p>	<p>постерлер</p>

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.